

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: Астана қаласында Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы іс-шараларының іске асырылуын бағалау.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: Астана қаласында Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы іс-шараларының іске асырылуын бағалау.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектісі: «Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» ММ.

1.4. Мемлекеттік аудит тобының құрамы (мемлекеттік аудиторлардың сертификаттарының нөмірлерін көрсете отырып): аппарат басшысы С.К. Амангелдинов - аудит тобының жетекшісі (2016 жылғы 5 желтоқсандағы №0700 мемлекеттік аудитор сертификаты) және бас инспектор – мемлекеттік аудитор Г.Н. Қасқабаева (2017 жылғы 1 қарашадағы №1390 мемлекеттік аудитор сертификаты).

1.5. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2016 жылғы 1 қаңтар мен 2018 жылғы 30 қыркүйек аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

2.1. Аудиттелетін сала дамуының ағымдағы жай-күйін жиынтық талдау

Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, қазақстандық біртектілік пен бірлікті нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің қолданысын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама) бекітілді.

Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, қазақстандық біртектілік пен бірлікті нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты болып табылады, оған мына міндеттерді шешу жолымен қол жеткізіледі:

- 1) мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру және стандарттау;
- 2) мемлекеттік тілді оқытудың инфрақұрылымын дамыту;
- 3) мемлекеттік тілді оқыту процесін ынталандыру;
- 4) мемлекеттік тілді қолданудың мәртебесін арттыру;
- 5) мемлекеттік тілге сұранысты арттыру;

- 6) қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелеу;
- 7) тіл мәдениетін жетілдіру;
- 8) коммуникативтік-тілдік кеңістіктегі орыс тілінің қызмет етуі;
- 9) Қазақстандағы тілдік әралуандықты сақтау;
- 10) ағылшын және басқа да шет тілдерін оқып-үйрену.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мақсатында тексерілген кезең ішінде мыналар бекітілді:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 ақпандағы № 62 қаулысымен Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2014 - 2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (*бұдан әрі – 2014-2016 жылдарға арналған ҚР Үкіметінің іс-шаралар жоспары*);

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 23 қаулысымен Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2017 – 2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (*бұдан әрі – 2017-2019 жылдарға арналған ҚР Үкіметінің іс-шаралар жоспары*) бекітілді;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 401 қаулысымен Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2017–2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (*бұдан әрі - 2017-2019 жылдарға арналған жаңа ҚР Үкіметінің іс-шаралар жоспары, аталған Үкімет қаулысымен Мемлекеттік бағдарлама қайта бекітіліп, алдыңғы Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі 2017 - 2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының күші жойылды*).

«Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» ММ (*бұдан әрі – Басқарма*) Астана қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 6 наурыздағы №06-433 қаулысымен бекітілген Басқарма туралы ережеге сәйкес тілдерді дамыту саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға, архив қорының құжаттарын сақтауды қамтамасыз етуге, есепке алуды толықтыруға, қорғауға және пайдалануға уәкілетті Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады, ол Астана қаласының аумағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалануға (орнатуға, орналастыруға) бақылауды жүзеге асырады.

ҚР Үкіметінің іс-шаралар жоспарларын орындау үшін Астана қаласының әкімдігі мыналарды бекітті:

- 2014 жылғы 4 наурыздағы №110-343 қаулысымен 12 іс-шарадан тұратын Астана қаласында Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі 2014-2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (*бұдан әрі - Астана қаласының 2014-2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары*) бекітілді, оның ішінде 8 тармақ Басқармаға бекітілген;

- Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 25 мамырдағы №110-1024 қаулысымен 19 іс-шарадан тұратын Астана қаласында Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі 2017-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (*бұдан әрі - Астана қаласының 2017-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары*) бекітілді, оның ішінде 13 тармақ Басқармаға бекітілген.

Бұл ретте аудит жүргізу сәтіне 2017-2019 жылдарға арналған жаңа ҚР Үкіметінің іс-шаралар жоспары бойынша Астана қаласының іс-шаралар жоспары бекітілмеген. Осының нәтижесінде 2018 жылдың шілде айынан бері Басқарма Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шараларды күшін жойған ҚР Үкіметінің іс-шаралар жоспары бойынша іске асырған.

Астана қаласының бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес Басқармадан басқа Мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы, Астана қаласының Мәдениет басқармасы, Астана қаласының Білім басқармасы, Мемлекеттік қызмет көрсету сапасының сақталуын бақылау бөлімі, Астана қаласы әкімі аппаратының халықаралық ынтымақтастық бөлімі, Астана қаласы аудандары әкімдерінің аппараттары қатысады.

2.2. Аудиттелетін салаға жүргізілген мемлекеттік аудиттің жиынтық нәтижелері

Осы аудитпен қамтылған бюджет қаражатының көлемі 2016 жылғы 1 қаңтар мен 2018 жылғы 30 қыркүйек аралығында бөлінген 499 220,4 мың теңгені құрады.

Аудит нәтижелері бойынша 312,5 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар (бюджет кірісіне өтеуге жатады), 9 691,7 мың теңге бюджет қаражатының тиімсіз пайдаланылуы, сондай-ақ 11 рәсімдік бұзушылық пен 9 кемшілік анықталды.

2.2.1. Бюджет қаражатының бюджеттік бағдарламалардың түпкілікті тікелей және түпкілікті нәтижелеріне, сондай-ақ қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге пайдаланылу тиімділігін жиынтық талдау және бағалау

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында белгілі бір нысаналы индикаторларға қол жеткізу көзделеді (1-кестені қараңыз).

1-кесте

Мемлекеттік бағдарламаның нысаналы индикаторлары

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2017 жылға қарай	2020 жылға қарай
1	<i>Мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесі</i>	%	80	90
2	<i>Мемлекеттік тілді ВІ деңгейінде меңгерген мектеп түлектерінің үлесі</i>	%	70	100
3	<i>Мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тіліндегі контенттің үлесі</i>	%	62	72
4	<i>Тұрғындардың ономастикалық комиссиялардың жұмысындағы шешім қабылдау процесін талқылау кезінде қоғамдық қолжетімділік пен ашықтық қағидаттарының сақталуы бөлігінде қанағаттанушылық дәрежесі</i>	%	75	90
5	<i>Қазақ тілінің реттелген терминологиялық қорының үлесі</i>	%	60	100

6	Республикадағы орыс тілін меңгерген тұрғындардың үлесі	%	-	90
7	Этномәдени бірлестіктер жанындағы қазақ және ана тілдерін оқытатын курстармен қамтылған этностардың үлесі	%	70	80
8	Республикадағы ағылшын тілін меңгерген тұрғындардың үлесі	%	22	25
9	Республикадағы үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын) меңгерген тұрғындардың үлесі	%	17	20

Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 6 қаңтардағы №114-1 қаулысымен бекітілген Астана қаласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасында (бұдан әрі – АДБ) Мемлекеттік бағдарламаны іске асырумен байланысты көрсеткіштер мен іс-шаралар қамтылған (2-кестені қараңыз).

2-кесте

АДБ көрсеткіштері

№	Көрсеткіш	Өлш. бірл.	Жауапты МО	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
1	Мемлекеттік тілді меңгерген ересектердің үлесі	%	ТДБ	81	83	85	87	90
2	Ағылшын тілін меңгерген ересектердің үлесі	%	ТДБ	25	25,5	26	26,5	27
3	Үш тілді (мемлекеттік, орыс, ағылшын) меңгерген ересектердің үлесі	%	ТДБ	5,0	8,0	9,0	10,0	12,0

1 және 2-кестелерде көрініп тұрғандай, егер «Мемлекеттік тілді меңгерген ересектердің үлесі» және «Ағылшын тілін меңгерген ересектердің үлесі» АДБ жоспарлы көрсеткіштері Мемлекеттік бағдарламаның ұқсас жоспарлы көрсеткіштерінен біршама жоғары болса, ал «Үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын) меңгерген ересектердің үлесі» АДБ жоспарлы көрсеткіші **Мемлекеттік бағдарламаның ұқсас жоспарлы көрсеткішінен әлдеқайда төмен** (2017 жылы 52,9%-ға және 2020 жылы 40,0%-ға).

Мұнымен қоса, Мемлекеттік бағдарламаның 6 көрсеткіші бойынша АДБ-да ұқсас көрсеткіштер көзделмеген.

Бұл ретте, Мемлекеттік бағдарламада АДБ-да көзделмеген «Тұрғындардың ономастикалық комиссиялардың жұмысындағы шешім қабылдау процесін талқылау кезінде қоғамдық қолжетімділік пен ашықтық қағидаттарының сақталуы бөлігінде қанағаттанушылық дәрежесі» көрсеткіші бар, ол бойынша Астана қаласының іс-шаралар жоспары шеңберінде жекелеген іс-шаралар жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, жыл сайын жүргізілетін әлеуметтік зерттеуде тұрғындардың ономастикалық комиссиялардың жұмысындағы шешім

қабылдау процесін талқылау кезінде қоғамдық қолжетімділік пен ашықтық қағидаттарының сақталуы бөлігінде қанағаттанушылық дәрежесіне қатысты сұрақтар көзделмеген.

1-тармақ. Осылайша, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын, аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу, іске асыру, мониторинг жүргізу, бағалау және бақылау, сондай-ақ Елді аумақтық кеңістікте дамытудың болжамды схемасын әзірлеу, іске асыру және бақылау қағидаларының 170-тармағы 1) тармақшасын бұза отырып, тексерілетін кезеңде АДБ көрсеткіштері Мемлекеттік бағдарламамен толық көлемде өзара байланыстырылмаған.

Астана қаласындағы тілдік ахуалды зерделеу, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің және басқа да ұлыстардың тілдерінің дамуы мен қолдану аясының деңгейін анықтау, елордада тұратын этностардың әлеуметтік-лингвистикалық сұранысын бағалау, Астана қаласындағы тілдердің даму болашағын айқындау мақсатында Басқармамен жыл сайынғы негізде Астана қаласындағы тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік зерттеу жүргізіледі.

Әлеуметтік зерттеу аясында Мемлекеттік бағдарламаның нысаналы индикаторларына және АДБ көрсеткіштеріне қол жеткізілу анықталады.

Алайда, әлеуметтік зерттеумен Мемлекеттік бағдарламаның нысаналы индикаторларының барлығы емес, тек АДБ-мен көзделгендері ғана қамтылған.

Осылайша, 2016 және 2017 жылдары жүргізілген әлеуметтік зерттеуге сәйкес Мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға байланысты АДБ көрсеткіштеріне қол жеткізілді және олар жоспарлы мәндерге тең немесе шамалы артып түседі.

Осылайша, 2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылы тілдерді меңгеру деңгейінің оң динамикасы байқалады.

Сонымен бірге, **«Үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын) меңгерген ересектердің үлесі» АДБ көрсеткішінің жоспарланған және нақты мәндері Мемлекеттік бағдарламаның ұқсас жоспарлы көрсеткішінен әлдеқайда төмен.**

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің сайтында орналастырылған 2017 жылғы Мемлекеттік бағдарламаның орындалу барысы туралы есепке сәйкес «Үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын) меңгерген халықтың үлесі» көрсеткіші 22,3%-ды құрады.

Мемлекеттік бағдарламаның және елордада тілдік саясатты дамытумен байланысты АДБ-ның көрсеткіштеріне қол жеткізілуін растау үшін пайдаланылатын жалғыз ақпарат көзі әлеуметтік зерттеу болып табылатынын атап өтеміз.

Сонымен бірге, аталмыш дереккөзді жеткіліксіз деп санаймыз.

Осылайша, 2016 жылы әлеуметтік зерттеуге 1 500 респондент (халық саны 880 191 адам бола тұра) қатысса, 2017 жылы – 100 000 респондент (халық

саны 972 672 адам бола тұра) қамтылған, бұл 2016 жылмен салыстырғанда анағұрлым көбірек.

Бұл ретте, респонденттердің жауаптарының объективтілігі мен анықтығын, оның ішінде білім деңгейі бойынша (ауызекі, базалық және т.б.) бағалау мүмкіндігі жоқ.

Қоғамдық дамудың қазіргі заманғы ағымы мен автоматтандыру үрдістерін ескере отырып, мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтайтын қосымша ақпарат көздерін пайдалану мүмкіндігін қарастыру қажет деп санаймыз.

Мәселен, интернет-ресурстарға кіру саны, электронды порталда және ХҚКО-да мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу, call-орталықтар мен ұялы байланыс операторларынан, мемлекеттік қызметке орналасуға үміткерлердің тестілеуден өту нәтижелері бойынша, басқа да тестілеу орталықтарының мәліметтері және т.б.

Халықтың тілдерді меңгеру деңгейін зерттеудің балама әдістерін пайдалану айтарлықтай қосымша қаржыландырусыз-ақ объективті ақпарат алуға мүмкіндік берер еді.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру бойынша 2014-2016 жылдарға және 2017-2019 жылдарға арналған Астана қаласының іс-шаралар жоспарының орындалуын талдау жоспарланған іс-шаралардың барлығы бірдей толық көлемде орындалмағанын көрсетті.

Осылайша, 2016 жылы «ҚАЗТЕСТ» негізінде ересектердің мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде (мемлекеттік қызметшілердің біліктілік талаптарына сәйкес) білу деңгейін анықтау жөніндегі нормативтік-құқықтық базаны әзірлеуге қатысу» іс-шарасы шеңберінде «ҚАЗТЕСТ» жүйесі арқылы тестілеуден өту ұйымдастырылған, ал нормативтік-құқықтық базаны әзірлеуге іс жүзінде қатысу жүзеге асырылмаған.

Сонымен бірге, Астана қаласының іс-шаралар жоспарларында Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі ҚР Үкіметінің іс-шаралар жоспарларында көзделген іс-шаралар толық көлемде көрсетілмеген.

Мәселен, 2014-2016 жылдарға арналған Астана қаласының іс-шаралар жоспарына жауапты орындаушылары ретінде жергілікті атқарушы органдар (ЖАО) мен мемлекеттік органдар белгіленген ҚР Үкіметінің іс-шаралар жоспарының жекелеген тармақтары енгізілмеген:

- 1. «Онлайн режимінде қашықтан қол жеткізу мүмкіндігімен ұйымдастырылған мемлекеттік тілді оқыту орталықтары оқытушыларының біліктілігін арттыру»;

- 30. «Сөйлеу мәдениетінің сақталуы бойынша іс-шаралар кешенін насихаттауды және өткізуді қамтамасыз ету»;

- 31. «Терминология, ономастика, мәселелері бойынша республикалық (өңірлік) ғылыми-теориялық семинар-кеңестер, «дөңгелек үстелдер», конференцияларды, ежелгі түркі және қазақ жазуы күндерін өткізу»;

- 36. «Қазақстан халқы тілдері күні» және «Славян жазуы күндерін» мерекелеу аясында республикалық конкурстар, семинар-тренингтер, «дөңгелек үстел» отырыстарын өткізу»;

- 39. «Үштілділікті енгізуді ынталандыруға бағытталған іс-шараларды өткізу».

2017-2019 жылдарға арналған Астана қаласының іс-шаралар жоспарына жауапты орындаушылары ЖАО болып табылатын ҚР Үкіметінің іс-шаралар жоспарының жекелеген тармақтары енгізілмеген:

- 1. «Онлайн режимінде қашықтан қол жеткізу мүмкіндігімен ұйымдастырылған мемлекеттік тілді оқыту орталықтары оқытушыларының біліктілігін арттыру»;

- 9. «Шетелдегі қазақ диаспорасының өкілдеріне ана тілін үйренуі үшін әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсету»;

- 11. «Дүниежүзі қазақтарының құрылтайын өткізу».

Басқарманың ақпаратына сәйкес, Астана қаласының іс-шаралар жоспарларына ҚР Үкіметінің іс-шаралар жоспарларының 1-тармағының енгізілмеуі аудит жүргізу кезеңінде Астана қаласында тілдерді оқыту орталығының болмауымен түсіндіріледі, осыған байланысты оқытушылардың біліктілігін арттыру бойынша іс-шаралар жүзеге асырылмаған.

Сонымен қатар, аталмыш тармақ еліміздің шалғай аудандарында филиалдары бар өңірлік ведомстволардың орындауы үшін арналған, Астана қаласында онлайн режимі арқылы қашықтан қол жеткізу мүмкіндігін пайдалана отырып ұйымдастырылған қазақ тілін оқыту орталықтары оқытушыларының біліктілігін арттыру қажеттілігі жоқ.

«Үштілділікті енгізуді ынталандыруға бағытталған іс-шараларды өткізу» іс-шарасы Астана қаласының 2014-2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында болмауына қарамастан, ол бойынша Басқарма үштілділікті енгізуге бағытталған «Тіл шебері» және «Тілдарын» байқауларын ұйымдастырған

Басқарманың ақпаратына сәйкес, Астана қаласының 2014-2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына енгізілмеген 30, 31, 36-тармақтарын іске асыру Астана қаласының іс-шаралар жоспарында көзделген басқа іс-шаралармен байланысты.

Бұдан бөлек, ҚР Үкіметінің іс-шаралар жоспарының *«Өңірлерде тіл мәдениетін дамыту, ономастика және терминология мәселелері бойынша іс-шаралар, тележобалар, телеойындар, телесабақтар өткізу»* көзделген 32-тармағы Астана қаласының 2017-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына *«Тіл мәдениетін дамыту, ономастика мәселелері бойынша іс-шаралар өткізу»* іс-шарасы ретінде енгізілген.

Өз кезегінде, Басқарма аталған тармақты орындау шеңберінде түрлі іс-шараларға қатысқан, алайда тележобалар, телеойындар мен телесабақтар ұйымдастырылмаған.

Сонымен бірге, Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мақсатында Астана қаласының 2014-2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына ҚР Үкіметінің іс-шаралар жоспарында көзделмеген қосымша 2 тармақ енгізіліп (*«Аккредиттелген оқыту орталықтарына мониторинг жасау»* және *«Мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының қызметін рейтингтік бағалау жүйесін енгізуді қамтамасыз ету»*), өз кезегінде олар тиісті нормативтік-құқықтық базаның болмауына байланысты ҚР Мәдениет және спорт

министрлігімен оқыту орталықтарын аккредитациялаудан өткізілмеуі себепті орындалмаған.

2-тармақ. Мұнымен қоса, Астана қаласының 2014-2016 жылдарға және 2017-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарларында сандық индикаторлар мен орындау мерзімдері көзделмегенін, іс-шаралардың жоспарлы көрсеткіштерді және қамтылатын халық санын көрсетпей белгіленгенін атап өтеміз, бұл іс-шараларды орындау нәтижелілігінің деңгейін толық көлемде бағалауға мүмкіндік бермейді

Басқарма Астана қаласында Мемлекеттік бағдарлама іс-шараларының іске асырылуын қаржыландыруды 002 «Мемлекеттік тіл мен Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту» бюджеттік бағдарламасының (бұдан әрі – 002 бюджеттік бағдарлама) шеңберінде жүзеге асырады. 002 бюджеттік бағдарламаның негізгі параметрлері № 3 кестеде көрсетілген.

№ 3 кесте

Көрсеткіштері	Өлш.б ірл.	2016 жыл		2017 жыл		2018 жылғы 9 айда	
		Жоспар	Орындалуы	Жоспар	Орындалуы	Жоспар	Орындалуы
бастапқы көлем	мың тг	191 499,0		204 904,0		219 247,0	
Бюджет қаражатының көлемі (нақтыланған)	мың тг	174 597,0	174 596,0	183 904,0	183 904,0	175 681,0	140 721,0
Тікелей нәтиженің көрсеткіштері							
мемлекеттік тілді оқыту курстарымен қамтылған тыңдаушылар саны	адам	1500	1373	1500	1500	1500	750
ағылшын тілін оқыту курстарымен қамтылған Астана қаласының мемлекеттік қызметшілерінің саны	адам	110	78	110	88	110	59
мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту бойынша өткізілген іс-шаралар саны	адам	32	32	32	32	32	39

002 бюджеттік бағдарламаның іске асырылуы туралы есепке сәйкес 2016 жылы тікелей нәтиженің көрсеткіштеріне толық көлемде қол жеткізілмеген.

Осылайша, 2016 жылы жоспарланған 3 тікелей нәтиже көрсеткішінің 2-еуіне қол жеткізілмеген.

«Мемлекеттік тілді оқыту курстарымен қамтылған тыңдаушылар саны» көрсеткіші бойынша 1 500 адам жоспарланып, іс жүзінде оқытудан 1 373 адам өткен немесе жоспардан 127 адамға кем, соңғылары Басқарма басшысының бұйрығымен оқудан шығарылған. Басқарма берген түсініктемеге сәйкес аталған көрсеткіштің тікелей нәтижесіне қол жеткізілмеудің негізгі себептері кадрлық өзгерістермен, кадрлардың тұрақтамауымен және тыңдаушылардың оқудан бас тарту туралы жазбаша жеке өтініштерімен және сабаққа келмеуімен байланысты.

«Ағылшын тілін оқыту курстарымен қамтылған Астана қаласының мемлекеттік қызметшілерінің саны» тікелей нәтиже көрсеткіші бойынша 110 адам жоспарланса, іс жүзінде 78 адамды құраған немесе Басқарма басшысының бұйрығымен оқудан шығарылған 32 адамға кем. Басқарманың түсініктемесіне сәйкес аталған көрсеткішке қол жеткізілмеудің негізгі себептері кадрлардың тұрақтамауымен және тыңдаушылардың сабаққа келмеуімен байланысты.

002 бюджеттік бағдарламаның 2016 жылға арналған тікелей нәтижесінің көрсеткіші «2018 жылға қарай мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген халықтың үлесін 9%-ға, мемлекеттік тілді меңгергендерді - 85%-ға, ағылшын тілін - 26%-ға, орыс тілін - 99%-ға арттыру» ретінде белгіленген.

3-тармақ. Осылайша, Бюджет кодексінің 32-бабы 2-тармағын, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 195 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалары және олардың мазмұнына қойылатын талаптардың (*бұдан әрі – 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 Қағидалар*) 15-тармағының 8) тармақшасын бұза отырып, 2016 жылғы 002 бюджеттік бағдарламада жоспарлы 2016 жылға арналған түпкілікті нәтиже көрсеткіштері көрсетілмеген. Сонымен қатар, 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 Қағидалардың 13-тармағы 8) тармақшасына қайшы, бюджеттік бағдарламалардың бастапқыда бекітілген нысандарында түпкілікті нәтиже көрсеткіштері мүлде жоқ.

Осының нәтижесінде, 2016 жылғы бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесіне қол жеткізу деңгейін бағалауға мүмкіндік жоқ.

Аталған бағдарлама шеңберінде жұмсалған бюджет қаражатының жалпы сомасы 174 596 мың теңгені немесе жоспардың 100%-ын құрады.

2016 жылы Басқармамен осы бюджеттік бағдарлама шеңберінде барлығы 32 іс-шара өткізілген, оның ішінде: мемлекеттік тіл біліміне түрлі байқаулар – 13, кештер – 6, мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту курстары – 3, «дөңгелек үстелдегі» отырыстар – 2, семинарлар - 1, конференциялар (брифингтер) – 1, фестивальдар – 1, акциялар – 1, мүшәйра – 1, біліктілікті арттыру курстары – 1, басқа шаралар - 2.

2017 жылы 3 тікелей нәтиже көрсеткішінің 1-еуіне қол жеткізілмеген.

Осылайша, «Ағылшын тілін оқыту курстарымен қамтылған Астана қаласының мемлекеттік қызметшілерінің саны» тікелей нәтиже көрсеткіші бойынша 110 адам жоспарланса, іс жүзінде 88 адамды құраған немесе Басқарма басшысының бұйрығымен оқудан шығарылған 22 адамға кем. Басқарманың түсініктемесіне сәйкес аталған көрсеткішке қол жеткізілмеудің негізгі себептері кадрлардың тұрақтамауымен және тыңдаушылардың сабаққа келмеуімен байланысты.

2017 жылға арналған түпкілікті нәтиже көрсеткіші «2017 жылға қарай мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген халықтың үлесін 8%-ға, мемлекеттік тілді меңгергендерді - 83%-ға, ағылшын тілін – 25,5%-ға, орыс тілін - 99%-ға арттыру» ретінде белгіленген.

Басқарманың 2017 жылғы 002 бюджеттік бағдарламасын іске асыру туралы есебіне сәйкес барлық көрсеткіштер толық көлемде орындалды, бұл

әлеуметтік зерттеу нәтижелерімен расталады

Сондай-ақ, 2018 жылға арналған 002 бюджеттік бағдарлама бойынша түпкілікті нәтиже көрсеткіші «2018 жылға қарай мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген халықтың үлесін 9%-ға, мемлекеттік тілді меңгергендерді - 85%-ға, ағылшын тілін - 26%-ға арттыру» ретінде белгіленген. Аудит жүргізу сәтіне 2018 жылдың аяқталмауына байланысты, көрсеткіштерге қол жеткізілуі тексерілген жоқ.

2018 жылғы бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесінде орыс тілін меңгерген халық үлесі көрсетілмегенін атап өту қажет.

Осылайша, тексерілген кезеңдегі 002 бюджеттік бағдарламаның түпкілікті көрсеткіштері Мемлекеттік бағдарламаның 2 көрсеткішімен ғана өзара байланыстырылған – «Мемлекеттік тілді меңгерген ересектердің үлесі» және «Ағылшын тілін меңгерген ересектердің үлесі».

4-тармақ. Осының нәтижесінде, 002 бюджеттік бағдарламаның түпкілікті көрсеткіштері Мемлекеттік бағдарламамен толық көлемде өзара байланыстырылмаған, яғни орыс тілін меңгерген халық үлесі көрсетілмеген.

Басқармамен 2017 жылы осы бюджеттік бағдарлама шеңберінде жоспарға сәйкес мемлекеттік тілді дамытуға, насихаттауға және оның қолданылу аясын кеңейтуге бағытталған 32 іс-шара, сондай-ақ «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде түсіндіру шаралары өткізілген, соның ішінде: мемлекеттік тіл біліміне байқаулар – 6, кештер – 3, мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту курстары – 3, «дөңгелек үстел» басындағы отырыстар – 4, семинарлар - 4, фестивальдар – 1, мүшәйра – 1, мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін насихаттау шаралары – 10.

Жүргізілген аудит іс-шаралардың уақтылы әрі толық көлемде орындалғанын көрсетті.

Сонымен бірге, 2016 және 2017 жылдары іс-шаралардың жалпы саны бірдей болғанымен, іс-шаралар түрлерінің азайғаны атап өтіледі.

Мәселен, 2016 және өткізілген акциялар, конференциялар мен ақпараттық күндер 2017 жылы іске асырылмаған. Жалпы алғанда, іс-шаралардың көпшілігі жыл сайын бір нысанда өткізіледі (семинарлар, дөңгелек үстелдер, кештер және т.б.).

Осылайша, Басқарма елорданың заман ағымына сай даму қарқынының артуына қарамастан, жаңаша іс-шаралар түрлерін толық көлемде қолданбайды.

Сонымен қатар, аудитпен бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу кезінде жіберілген заңнама бұзушылықтары анықталды.

5-тармақ. Осылайша, Бюджет кодексінің 32-бабы 8-тармағын, 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 Қағидалардың 15-тармағы 4-тармақшасын бұза отырып, 2016, 2017 және 2018 жылдардағы 002 бюджеттік бағдарлама нысанындағы «Бюджеттік бағдарлама басшысы» жолында Басқарма басшысының аты-жөні көрсетілген, негізі ол жерде жеке бұйрықпен тағайындалатын бюджеттік бағдарламаның басшысы көрсетілуі тиіс. Бұл ретте, аудитке бюджеттік бағдарламалардың басшыларын тағайындау туралы құжаттар ұсынылған жоқ.

6-тармақ. 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 Қағидалардың 28-тармағын бұза отырып, 2016, 2017 және 2018 жылдардағы 002 бюджеттік бағдарламаның нысандары Басқарманың интернет - ресурсында орналастырылмаған.

7-тармақ. Мұнымен қоса, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы № 629 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығының 49-тармағын бұза отырып, 2016 жылғы бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есепте «Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы» жолы бекітілген бюджеттік бағдарламаның мазмұнына сәйкес келмейді («Астана қаласының Тілдерді дамыту басқармасының аппаратын ұстау» деп көрсетілген).

Сондай-ақ, 002 бюджеттік бағдарламаны іске асыруға бөлінетін қаражатты жоспарлау негізділігіне жүргізілген аудитпен бұзушылықтар анықталды.

8-тармақ. Бюджет кодексінің 67-бабы 12-тармағын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының 6-тармағын бұза отырып, 169 ерекшелігі бойынша іс-шараларды өткізу үшін **33 924,0 мың теңге** жалпы сомасына, оның ішінде 2016 жылы – 13 670,0 мың теңге, 2017 жылы - 10 122,0 мың теңге және 2018 жылы - 10 132,0 мың теңге сомасына сыйлықтар, гүлдер, су және басқа да шығыстардың құнын есептеудің анықтығын растайтын құжаттары жоқ.

002 бюджеттік бағдарлама шеңберінде жасалған мемлекеттік сатып алу шарттарының орындалуына жүргізілген аудит бойынша мынадай бұзушылықтар белгіленді.

9-тармақ. Бюджет кодексінің 97-бабы 6) тармақшасын бұза отырып, Басқарма мемлекеттік және ағылшын тіліне оқыту қызметтерін мемлекеттік сатып алу туралы 6 шарттың шеңберінде оқыту курсының қорытындысы бойынша берілмеген 625 сертификатқа жалпы сомасы **312,5 мың теңге** төлеген (*«Іскер» бизнес академиясы» ЖШС-мен жасалған 2016 жылғы 5 ақпандағы №1 шарт бойынша 212 сертификатқа 106,0 мың теңге, ЖК «BEST WAY LANGUAGE CENTER» жасалған 2016 жылғы 16 ақпандағы №8 шарт бойынша 63 сертификатқа 31,5 мың теңге, «SAMRUK Consulting» ЖШС-мен жасалған 2016 жылғы 24 наурыздағы №17 шарт бойынша 242 сертификатқа 121,0 мың теңге, «SAMRUK Consulting» ЖШС-мен жасалған 2017 жылғы 18 наурыздағы №16 шарт бойынша 45 сертификатқа 22,5 мың теңге, ЖК «Ушакова Анна Александровна»-мен 2017 жылғы 5 сәуірдегі №72 шарт бойынша 12 сертификатқа 6,0 мың теңге, «Yerkin Rukh» ЖШС-мен жасалған 2018 жылғы 3 сәуірдегі №10 шарт бойынша 51 сертификатқа 25,5 мың теңге).*

Оқыту курсының қорытындысы бойынша білім деңгейін растамаған адамдарға сертификат берілмеген.

10-тармақ. Осылайша, Бюджет кодексінің 4-бабының 12) тармақшасында көзделген тиімділік қағидатын бұза отырып, Басқармамен жалпы сомасы **9 691,7 мың теңгеге** 625 адамды мемлекеттік және ағылшын тілдеріне оқыту бойынша шығыстар жұмсалды.

11-тармақ. Сонымен қатар, Басқарма жеке кәсіпкер «Ушакова Анна Александровна»-мен **2 750,0 мың теңге** жалпы сомасына Астана қаласын

ЭКСПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізуге дайындау шеңберінде әлеуметтік сала қызметкерлерін ағылшын тіліне оқыту қызметтерін көрсету бойынша 2017 жылғы 5 сәуірдегі №72 шартты жасасқаны анықталды. Бұл ретте, оқыту 2017 жылдың 5 сәуірі мен 1 тамызы аралығында жүзеге асырылды, ал «ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесінің ашылуы 2017 жылдың 10 маусымында өтті.

Осылайша, Астана қаласын «ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесіне дайындау шеңберінде әлеуметтік сала қызметкерлерін ағылшын тіліне оқыту үрдісі оның ашылуына дейін емес, ашылғаннан кейін аяқталды, бұл аталған іс-шараны жоспарлаудағы кемшілікті көрсетеді.

Сондай-ақ, Мемлекеттік бағдарламаның іс-шараларын іске асыру кезінде бухгалтерлік есеп туралы заңнаманың сақталмау фактілері анықталды.

12-тармақ. Осылайша, Басқарма «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 Заңының 6-бабы 3-тармағын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 18-тармағын бұза отырып, мемлекеттік сатып алу шарттарының шеңберінде жалпы сомасы **14 152,0 мың теңгеге** сатып алынған материалдарды Басқарма балансына қабылдамай үлестіру ведомосі бойынша таратқан.

2.6. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

Басқарма елордада тілдерді дамыту саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады.

Жүктелген міндеттерді орындау мақсатында Басқарма басқа органдармен және ұйымдармен бірлесіп бекітілген жоспарларға сәйкес іс-шаралар кешенін іске асырады.

Жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде Мемлекеттік бағдарламамен байланысты АДБ көрсеткіштерінің орындалуы байқалады.

Әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша мемлекеттік, ағылшын тілдерін меңгеру деңгейінің, сондай-ақ елордада үш тілді халықтың үлесінің оң динамикасы байқалады.

«ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесінің сәтті өткізілуін жүргізілген жұмыстың оң нәтижесі ретінде атауға болады.

Осылайша, Мемлекеттік бағдарламаның «Мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесі» көрсеткіші 2016 жылы 81%-дан 2017 жылы 83%-ға дейін, «Республикадағы ағылшын тілін меңгерген тұрғындардың үлесі» көрсеткіші 25%-дан 26%-ға дейін, «Республикадағы үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын) меңгерген тұрғындардың үлесі» көрсеткіші 5,0%-дан 8,0%-ға дейін өсті, бұл тілдерді меңгеру деңгейінің жақсарғанын көрсетеді.

2.7. Мемлекеттік аудит объектілерінің жіберіп алған пайдасының және экономикалық шығындарының анықталған фактілері

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 4-бабының 12) тармақшасында көзделген тиімділік қағидатын бұза отырып, Басқармамен 625 адамды мемлекеттік және ағылшын тілдеріне оқыту бойынша жалпы сомасы **9 691,7 мың теңге** шығыстар жұмсалды, нәтижесінде аталған адамдар мемлекеттік және ағылшын тілдерін меңгеру бойынша қажетті білім деңгейін алмады.

Сонымен қатар, Астана қаласын «ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесіне дайындау аясында 2017 жылдың 5 сәуірі мен 1 тамызы аралығында әлеуметтік сала қызметкерлерін жалпы сомасы **2 750,0 мың теңгеге** ағылшын тілін оқыту жүзеге асырылғаны анықталды, ал «ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесінің ашылуы 2017 жылдың 10 маусымында өтті. Яғни, оқыту «ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізудің елеулі мерзімі өткеннен кейін аяқталды, бұл аталған іс-шараны жоспарлаудың белгілі бір кемшіліктерін көрсетеді.

III. Жиынтық бөлік

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар: 2018 жылға арналған 002 бюджеттік бағдарлама Басқарма сайтында орналастырылды.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

1. Астана қаласында Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын орындауға бағытталған іс-шаралардың іске асырылуын талдау, жалпы алғанда Астана қаласының жергілікті атқарушы органдарының оларды бекітілген жоспарларға сәйкес орындайтынын және тілдерді меңгеру деңгейінің жақсарғанын меңзейтін нәтижелер көрсеткіштерінің оң серпініне әкелетінін көрсетіп отыр.

Осылайша, Мемлекеттік бағдарламаның «Мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесі» көрсеткіші 2016 жылы 81%-дан 2017 жылы 83%-ға дейін, «Республикадағы ағылшын тілін меңгерген тұрғындардың үлесі» көрсеткіші 25%-дан 26%-ға дейін, «Республикадағы үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын) меңгерген тұрғындардың үлесі» көрсеткіші 5,0%-дан 8,0%-ға дейін артқан.

2. Сонымен бірге, егер алғашқы екі көрсеткіш бойынша жоспарлы және нақты мәндер жалпы республикалық мәндерден жоғары болса, үшінші көрсеткіш бойынша жоспарлы және нақты мәндер **Мемлекеттік бағдарламаның ұқсас жоспарлы көрсеткішінен әлдеқайда төмен** (2017 жылы 52,9%-ға және 2020 жылы 40,0%-ға).

3. Бұл ретте, Астана қаласының жергілікті атқарушы органдары Мемлекеттік бағдарламаның 9 нысаналы индикаторынан тек 3 ұқсас индикаторды АДБ-да белгілегенін атап өтеміз. Астана қаласының бекітілген іс-шаралар жоспарында нәтижелердің сандық көрсеткіштері және оларды орындау мерзімдері жоқ. Нәтижесінде әлеуметтік зерттеу тек қана АДБ-ға енгізілген үш нәтиже көрсеткіші бойынша жүргізілген.

4. Осылайша, жергілікті атқарушы органдарда Астана қаласында 9 нысаналы индикатордың 3-еуіне ғана қол жеткізу бойынша ақпарат бар, оның ішінде 2017 жылы жоспарлы нәтижелердің екеуі бойынша қол жеткізіліп («Мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесі» жоспар – 80%, орындалуы – 83% және «Республикадағы ағылшын тілін меңгерген тұрғындардың үлесі» жоспар – 22%, орындалуы – 26%), біреуіне қол жеткізілмеген («Республикадағы үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын) меңгерген тұрғындардың үлесі» жоспар – 17%, орындалуы 8%).

Біздің пікірімізше, «Республикадағы үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын) меңгерген тұрғындардың үлесі» көрсеткіші бойынша жергілікті және республикалық деңгейдегі жоспарлы және нақты мәндерінің едәуір алшақтығының себебі есептеу әдістемесіндегі айырмашылықтармен байланысты.

Мемлекеттік бағдарламаның барлық индикаторлары бойынша ақпараттың болмауына байланысты, Астана қаласы бойынша белгіленген Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасының міндеттерін іске асырудың **нәтижелілігін** және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің ара қатынасын бағалау мүмкін емес.

5. Осы ретте, жүргізілген әлеуметтік зерттеудің анықтығы мен объективтілігін анықтау мүмкіндігі жоқ, себебі Басқарма халықтың тіл білімінің деңгейін анықтаудың мынадай балама әдістерін қолданбайды: *интернет-ресурстарға кіру саны, электронды порталда және ХҚКО-да мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу, call-орталықтар мен ұялы байланыс операторларынан, мемлекеттік қызметке орналасуға үміткерлердің тестілеуден өту нәтижелері бойынша тестілеу орталықтарының мәліметтері және т.б.*

6. Астана қаласының Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі ҚР Үкіметінің іс-шаралар жоспарларында жергілікті атқарушы органдар үшін көзделген барлық іс-шараларды қамтымайды. Қалалық іс-шаралар жоспарының жекелеген іс-шаралары толық көлемде орындалмайды. Нәтижесінде Мемлекеттік бағдарламада көзделген іс-шаралардың барлық түрлері бірдей жүргізілмейді (мысалы, *тележобалар, телеойындар, телесабақтар* өткізілмейді). Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде өткізілетін іс-шаралар түрлерінің саны 2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылы қысқарған. Іс-шаралардың басым көпшілігі жыл сайын бір нысанда жүзеге асырылады (семинарлар, дөңгелек үстелдер, кештер және т.б.).

Осылайша, Басқарма елорданың заман ағымына сай даму қарқынының артуына қарамастан, жаңаша іс-шаралардың түрлерін толық көлемде қолданбайды (әлеуметтік желілер арқылы, онлайн-тестілеу және т.б.).

Сонымен қатар, 2018 жылғы шілдеде Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі 2017-2019 жылдарға арналған жаңа ҚР Үкіметінің іс-шаралар жоспары бекітілгеннен кейін 2017-2019 жылдарға арналған Астана қаласының

іс-шаралар жоспарына тиісті түзетулер енгізілмегенін атап өтеміз, **бұл Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру сапасы бойынша теріс салдарларға әкелуі мүмкін.**

7. Бұдан басқа, оның шеңберінде Мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру жүзеге асырылатын 002 «Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту» бюджеттік бағдарламасын жоспарлау кезінде жекелеген жағдайларда бюджеттік бағдарламалардың түпкілікті нәтижесінің қажетті көрсеткіштері белгіленбейді, **бұл бюджеттік бағдарламаларды орындау және іске асыруды бағалау бойынша теріс салдарларға әкелуі мүмкін.**

Сондай-ақ, 002 бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтиже көрсеткіштерінің барлығына бірдей қол жеткізілмеген *(2016 жылы – 3 көрсеткіштің 2-еуіне, 2017 жылы 3 көрсеткіштің 1-еуіне қол жеткізілмеген).*

8. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 4-бабының 12) тармақшасында көзделген тиімділік қағидатын бұза отырып, Басқармамен 625 адамды мемлекеттік және ағылшын тілдеріне оқыту бойынша жалпы сомасы **9 691,7 мың теңгеге** шығыстар жұмсалды, нәтижесінде аталған адамдар мемлекеттік және ағылшын тілдерін меңгеру бойынша қажетті білім деңгейін алмады.

Сонымен қатар, Астана қаласының «ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесіне дайындығы аясында 2017 жылдың 5 сәуірі мен 1 тамызы аралығында әлеуметтік сала қызметкерлерін жалпы сомасы **2 750,0 мың теңгеге** ағылшын тілін оқыту жүзеге асырылғаны анықталды, ал «ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесінің ашылуы 2017 жылдың 10 маусымында өтті. Яғни, оқыту «ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізудің елеулі мерзімі өткеннен кейін аяқталды, бұл аталған іс-шараны жоспарлаудың белгілі бір кемшіліктерін көрсетеді.

Аталған фактілер мен жоғарыда келтірілген деректер Астана қаласында Мемлекеттік бағдарламаны іске асырумен байланысты жоспарлы нәтижелерге қол жеткізуге бюджет қаражатын пайдаланудың толық **тиімділігі** қамтамасыз етілмегенін көрсетеді.

9. Астана қаласында Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іс-шараларын іске асыру кезінде бюджеттік және өзге де заңнаманы бұзудың жекелеген фактілеріне жол берілген.

Осылайша, аудит нәтижелері бойынша 312,5 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар *(бюджет кірісіне өтеуге жатады)*, 9 691,7 мың теңге бюджет қаражатының тиімсіз пайдаланылуы, сондай-ақ 11 рәсімдік бұзушылық пен 9 кемшілік анықталды.

Бұл ретте Басқарма іс-шараларды өткізу үшін сыйлықтар, гүлдер, су және басқа да материалдар құнын есептеудің дұрыстығын растайтын заңнамада көзделген құжаттарсыз жалпы сомасы 33 924,0 мың теңгеге шығыстарды жоспарлау фактілеріне жол берген, бұл бюджет қаражатының артық шығынына әкелуі мүмкін.

Мұнымен қоса, Басқарма бухгалтерлік есеп туралы заңнаманы бұза

отырып, іс-шараларды өткізу кезінде жалпы сомасы 14 152,0 мың теңгеге шығыс материалдарын бухгалтерлік есепте тиісінше көрсетусіз тарату фактілеріне жол берген. Жүргізілетін операцияларды бухгалтерлік есепте көретпеу фактілері Басқарма есебінің анықтығын бұрмалауға әкеледі, жүргізілетін операцияларға бақылаудың деңгейін төмендетеді және активтерді тиімсіз және (немесе) негізсіз пайдалану фактілеріне әкеп соғуы мүмкін.

Жүргізілген аудит жол берілген бұзушылықтар мен кемшіліктердің негізгі себебі жауапты қызметкерлердің біліктілігінің және орындаушылық тәртібінің жеткіліксіз деңгейі болып табылатынын көрсетті.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар:

1. Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының отырысында Астана қаласында Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы іс-шараларының іске асырылуын бағалау бойынша мемлекеттік аудиттің қорытындылары қаралсын.

2. Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы:

1) **2019 жылғы 1 наурызға дейінгі** мерзімде Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасының анықталған бұзушылықтары бойынша лауазымды адамдарға қатысты тәртіптік жаза шараларын қолдансын;

2) **2019 жылғы 1 сәуірге дейінгі** мерзімде аудитпен белгіленген кемшіліктерді жою мақсатында, Астана қаласында Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына өзгерістер енгізу бойынша шаралар қабылдасын;

3) **2019 жылғы 1 сәуірге дейінгі дейінгі** мерзімде Астана қаласының Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау басқармасына Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының көрсеткіштерімен толық өзара байланыстыру үшін Астана қаласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасына өзгерістер енгізу бойынша ұсыныс жіберсін;

4) **2019 жылғы 1 мамырға дейінгі** мерзімде мемлекеттік және басқа тілдерді меңгеру деңгейін бағалау кезінде әлеуметтік зерттеуден басқа қосымша ақпарат көздерін пайдалану бойынша ұсыныстарды әзірлеп, Астана қаласының әкімдігіне енгізсін;

5) **2019 жылғы 30 маусымға дейінгі** мерзімде мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту бойынша қызметтерді мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша артық төленген 312,5 мың теңгені бюджет кірісіне өтеу бойынша шаралар қабылдасын.